**Электрондық сигареттерді және соларға ұқсас жеке электр буландырғыш құрылғыларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 152 шешімі.

2018 жылғы 2 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімнің 7-бабының 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) осы Шешімге сәйкес өз аумағында электрондық сигареттер мен соларға ұқсас жеке электр буландырғыш құрылғыларды (бұдан әрі – тауарлар) сәйкестендіру құралдарымен таңбалауды (бұдан әрі – таңбалау) енгізу күнін және тәртібін өз бетімен айқындайды және осындай күнге дейін 6 айдан кешіктірмей ол туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) хабардар етеді. Бұл ретте таңбаланбаған тауарларды айналымға енгізуге тыйым салу осы Шешіммен бекітілген сәйкестендіру құралдарымен таңбалануға жататын тауарлар тізбесінде (бұдан әрі – тізбе) белгіленген мерзімдерден бұрын енгізілмейді.

2. Мыналар:

тізбеге енгізілген тауарлар таңбалауға жатады;

тізбеге енгізілген тауарлардың қалдықтарын таңбалау мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады;

мүше мемлекеттер өз аумағында таңбалауды енгізу кезінде, егер тауар осындай мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес акцизделетін тауарлар санатына жатқызылған жағдайда, тауарларға қолдан жасаудан қорғау элементтері (құралдары) бар материалдық жеткізгішті (бұдан әрі – қорғалған материалдық жеткізгіш) қондыру туралы талаптарды белгілей алады. Осындай қорғалған материалдық жеткізгішті қондыру тәртібі, форматы мен сипаттамалары мүше мемлекеттердің осындай жеткізгіштерді қондыру туралы талаптар енгізілген заңнамасында белгіленеді;

сәйкестендіру құралдары не тауарлардың тұтыну қаптамасына, не қорғалатын материалдық жеткізгішке немесе қорғалмаған материалдық жеткізгішке (сәйкестендіру құралын қондыруды жүзеге асыратын тауарлар айналымына қатысушының таңдауы бойынша) қондырылуы мүмкін;

мүше мемлекеттер тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйелерінің ұлттық құрамдастарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйелерінің ұлттық құрамдастарының (бұдан әрі – ұлттық оператор) ұлттық операторларын (әкімшілерін) айқындайды;

мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 19 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау жүйесінің базалық технологиялық ұйымдық моделінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады;

мүше мемлекеттер осы шешімге сәйкес өз аумағында таңбалауды енгізу кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау кезінде криптографиялық қорғаудың бірыңғай механизмдері туралы" 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 41 шешіміне сәйкес сәйкестендіру құралдарын криптографиялық қорғауды қамтамасыз етеді;

бір мүше мемлекеттің аумағынан оның заңнамасына сәйкес тауар акцизделетін тауарлар санатына жатқызылған мүше мемлекеттің аумағына трансшекаралық сауда шеңберінде әкелінген таңбаланған тауарды айналымға енгізу:

егер осы мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, импорттаушының осы мүше мемлекеттің ұлттық операторына әкелінген тауарлар бойынша акциздің толық төленгенін растайтын мәліметтерді беруі;

егер осы мүше мемлекеттің аумағында тауарлар айналымы олардың қаптамасына қорғалған материалдық жеткізгіштің қондырылуы шартымен жол берілген жағдайда, тұтыну қаптамасында қорғалған материалдық жеткізгіштің болуы және импорттаушының осы мүше мемлекеттің ұлттық операторына осындай жапсырылған жеткізгіш туралы мәліметтер беруі шартымен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Осындай талап енгізілген мүше мемлекеттің аумағына трансшекаралық сауда шеңберінде әкелінетін тауарларға қорғалған материалдық жеткізгішті қондыруды импорттаушы осы мүше мемлекеттің аумағына әкелгенге дейін не осы мүше мемлекеттің аумағында осы мүше мемлекеттің заңнамасында тауарларды таңбалау үшін айқындалған қойма үй-жайларында қамтамасыз етеді.

Осы Шешімге сәйкес тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау енгізілген және қорғалған материалдық жеткізгішті қондыру туралы талаптар белгіленген мүше мемлекеттер осы Шешім күшіне енген күннен бастап 2 жыл ішінде осындай жеткізгішті қондыру жөніндегі талаптардың күшін жою туралы мәселені қарайды.

3. Қоса беріліп отырған:

сәйкестендіру құралдарымен таңбалауға жататын тауарлардың тізбесі;

тауарларды сәйкестендіру құралының сипаттамалары, тауарларды сәйкестендіру құралдарында қамтылған ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптар, осындай сәйкестендіру құралын жасау және қондыру тәртібі;

мүше мемлекеттердің құзыретті (уәкілетті) органдары арасында және мүше мемлекеттердің құзыретті (уәкілетті) органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында берілетін таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің форматына, құрамына және құрылымына қойылатын талаптар, сондай-ақ мұндай мәліметтерді беру мерзімдері;

тұтынушыларға және өзге де (заңды және жеке) мүдделі тұлғаларға, оның ішінде тауарларды таңбалаудың ұлттық компоненттері мен ақпараттық жүйесінің интеграциялық компоненті құрамындағы ақпараттық сервистер арқылы қолжетімділік берілетін тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінде қамтылған таңбаланған тауар туралы мәліметтердің ең аз құрамы бекітілсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері**:

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
|---|---|---|---|---|
| М. Григорян | И. Петришенко | С. Жұманғарин | А. Касымалиев | А. Оверчук |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 152 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Сәйкестендіру құралдарымен**

**таңбалауға жататын тауарлардың**

**ТІЗБЕСІ**

| ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес коды | Тауардың атауы | Таңбаланбаған тауарларды айналымға енгізуге тыйым салуды енгізу мерзімі |
|---|---|---|
| 8543 40 000 0 | Электрондық сигареттер және соларға ұқсас жеке электр буландырғыш құрылғылар | 2022 жылғы 1 қазан |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 152 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Тауарларды сәйкестендіру құралының сипаттамалары, тауарларды сәйкестендіру құралдарында қамтылған ақпараттың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптар, осындай сәйкестендіру құралын жасау және қондыру тәртібі**

1. Осы құжат 2018 жылғы 2 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау туралы келісімнің 5-бабының 1-тармағы "а" тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының 8543 40 000 0 тауар позициясында сыныпталатын тауарлардың тұтыну қаптамасын таңбалау үшін сәйкестендіру құралы – ИСО/МЭК 16022:2006 "Ақпараттық технологиялар. Автоматты сәйкестендіру және

деректерді жинау технологиялары. Data Matrix штрих коды символикасының ерекшелігі" (ISO/IEC 16022:2006 "Information technology – Automatic identification and data capture techniques – Data Matrix bar code Symbology specification") халықаралық стандартының талаптарына не оған ұқсас Одаққа мүше мемлекеттің оған ұқсас ұлттық стандартына сәйкес машинамен оқуға жарамды Data Matrix GS1 форматында екі өлшемді штрих-код түрінде ұсынылған символдардың бірегей дәйектілігі пайдаланылады. Таңбалау кодын сәйкестендіру құралына түрлендіру кезінде GS1 қолдану идентификаторларының (AI) үлгілік форматына деректердің сәйкестігінің белгісі ретінде FNC1 белгісі пайдаланыла отырып, ESS 200 символикасы қолданылуы тиіс.

3. Сәйкестендіру құралы мынадай деректерді қамтиды:

деректердің бірінші тобы (қолдану сәйкестендіргіші (01)) - 14 цифрлық таңбадан тұратын сауда бірлігінің жаһандық сәйкестендіру нөмірі (GTIN);

деректердің екінші тобы (қолдану сәйкестендіргіші (21)) - 13 таңбадан (цифрлардан, латын әліпбиінің кіші және бас әріптерінен, сондай-ақ арнайы таңбалардан) тұратын тауардың (тауар қаптамасының) жеке сериялық нөмірі (! ” % & ’ * + - . / _ , : ; = < > ?)). Бірінші символ ретінде осы код эмиссияланған мүше мемлекеттің сәйкестендіргіші көрсетіледі (1 – Армения Республикасы, 2 – Беларусь Республикасы, 3 – Қазақстан Республикасы, 4 – Қырғыз Республикасы, 5 – Ресей Федерациясы). Бұл топ үшін соңғы таңба ретінде ASCII таңбалар кестесінде 29 коды бар арнайы бөлгіш таңба пайдаланылады;

үшінші топ (қолдану сәйкестендіргіші (91)) - ұзындығы 4 таңбаға дейін (цифрлар, латын әліпбиінің кіші және бас әріптері). Бұл топ үшін соңғы таңба ретінде ASCII таңбалар кестесінде 29 коды бар арнайы бөлгіш таңба пайдаланылады;

деректердің төртінші тобы (қолдану сәйкестендіргіші (92)) – ұзындығы 44 таңбаға дейін (цифрлар, латын әліпбиінің кіші және бас әріптері, сондай-ақ арнайы таңбалар).

Деректердің үшінші және төртінші топтары Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды сәйкестендіру құралдарымен таңбалау кезінде криптографиялық қорғаудың бірыңғай механизмдері туралы" 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 41 шешімінің 1-тармағының "а" және "б" тармақшаларына сәйкес пайдаланылады.

4. Тауарларды сәйкестендіру құралдарын Одаққа мүше мемлекеттердің сәйкестендіру құралдарының эмитенттері немесе тауарлар айналымына қатысушылар қалыптастырады.

5. Тауарлар сәйкестендіру құралын не сәйкестендіру құралы бар материалдық жеткізгіштерді (қорғалған немесе қорғалмаған) тұтынушылық қаптамаға оларды тұтынушылық қаптамадан зақымдалмай бөлуге жол бермейтін тәсілмен қондыру жолымен таңбаланады. Сәйкестендіру құралын тұтыну қаптамасының зақымдалмай конструктивті бөлінетін бөліктеріне қондыруға болмайды.

6. Таңбаланған тауарларды көліктік қаптамаға жинақтау кезінде мұндай көліктік қаптамаға осындай қаптамаға орналастырылған тауарлардың сәйкестендіру құралдарын қоса отырып, көліктік қаптаманың сәйкестендіру кодын қамтитын көліктік қаптаманы сәйкестендіру құралы қондырылуы мүмкін.

Көліктік қаптаманың сәйкестендіру құралын қалыптастыру және көліктік қаптаманы таңбалау GS1 халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Көліктік қаптаманы таңбалау кезінде көліктік қаптамаға қондырылатын міндетті емес ақпараттық жолақтардың құрамын тауарларды көліктік қаптамаға жинақтауды жүзеге асыратын тауарлар айналымына қатысушы айқындайды.

Еуразиялық экономикалық<br>комиссия Кеңесінің<br>2022 жылғы 23 қыркүйектегі<br>№ 152 шешімімен<br>БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті (уәкілетті) органдары арасында және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құзыретті (уәкілетті ) органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында берілетін таңбаланған тауарлар туралы мәліметтердің форматына, құрамына және құрылымына қойылатын талаптар, сондай-ақ осындай мәліметтерді беру мерзімдері**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес 8543 40 000 0 тауар позициясында сыныпталатын таңбаланған тауарларымен трансшекаралық сауданы жүргізу кезінде, тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компоненттерінің операторлары (әкімшілері ) арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру шеңберінде осындай тауарлар және оларды сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер (бұдан әрі – мәліметтер) төмендегі стандарттарға сәйкес XML форматында беріледі:

"Extensible Markup Language (XML) 1.0 (Fifth Edition)" (http://www.w3.org/TR/REC-xml) мекенжайы бойынша "Интернет" ақпараттық-коммуникациялық желісінде жарияланған);

"Namespaces in XML" (http://www.w3.org/TR/REC-xml-names) мекенжайы бойынша "Интернет" ақпараттық-коммуникациялық желісінде жарияланған);

"XML Schema Part 1: Structures" и "XML Schema Part 2: Datatypes" (http://www.w3.org/TR/xmlschema-1/ және http://www.w3.org/TR/xmlschema-2/) мекенжайы бойынша " Интернет" ақпараттық-коммуникациялық желісінде жарияланған).

2. Мәліметтердің құрамы мен құрылымына қойылатын жалпы талаптар 1-6-кестелерде келтірілген.

3. Кестеде мынадай жолдар (графалар) қалыптастырылады:

"элементтің атауы" – реттік нөмірі, элементтің сәйкестендіргіші және тұрақты немесе ресми сөз тіркесімен белгіленімі;

"элементтің сипаттамасы" – элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"ескерту" – элементтің мақсатын айқындайтын, оны қалыптастыру (толтыру) қағидасын немесе элементтің мүмкін болатын қайталану санын нақтылайтын мәтін;

"көпт." – элементтердің көптігі (міндеттілігі, (опциондығы) және элементтің мүмкін болатын қайталану саны.

4. Деректерді беру элементтерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгіленімдер пайдаланылады:

1 – элемент міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – элемент міндетті, n рет қайталануға тиіс > 1);

1..* – элемент міндетті, шексіз қайталануы мүмкін;

n..* – элемент міндетті, кемінде n рет қайталануға тиіс > 1);

n..m – элемент міндетті, кемінде n рет және m аспай қайталануға тиіс (n > 1, m > n) ;

0..1 – элемент опционды, қайталауға жол берілмейді;

0..* – элемент опционды, шексіз қайталануы мүмкін;

0..m – элемент опционды, m реттен аспай қайталануы мүмкін (m > 1).

1-кесте

**Трансшекаралық саудада сатылған тауарлар және оларды сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтердің құрамы мен құрылымы**

| Элементтің атауы | Элементтің сипаттамасы | Ескерту | Көпт. |
|---|---|---|---|
| 1. Мәліметтерді қалыптастыру күні мен уақыты | мәліметтерді қалыптастыру күні мен уақыты | | 1 |
| 2. Мәліметті беруші ел | мәліметті беруші елдің екі таңбалы әріптік коды | ISO – 3166 сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | сатушы ( экспортер) және тауарды сатып | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. Сатушы (экспортер) және тауарды сатып алушы, тауарлар және оларды сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | | | алушы, тауарлар және оларды сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | 1..* |
| | 3.1 Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер туралы мәліметтер | | | тауарды сатушы ( экспортер ) туралы мәліметтер | | 0..1 |
| | | | 3.1.1. Салық төлеушінің нөмірі | салық төлеушінің нөмірі | сәйкестендіру коды ( нөмірі): Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есептік нөмірі ( СЕН), Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есептік нөмірі ( ТЕН), Қазақстан Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі ( ЖСН) | 1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), Қырғыз Республикасы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН), Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН) | |
| | | | 3.1.2 Салық төлеушінің ЕСК | салық төлеушінің ЕСК | Ресей Федерациясында пайдаланылады | 0..1 |
| | | | 3.1.3. GLN | тауар сатушының GLN коды | | 0..1 |
| | | | 3.1.4. Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) толық атауы | тауар сатушы (экспортер) заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) толық атауы | | 0..1 |
| | | | | заңды тұлғаның (дара кәсіпкер | 3 - кестеге | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3.1.5. Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) мекенжайы | дің) мекенжай ы туралы мәліметтердің тізбесі | сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| | | | 3.1.6. Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) байланыс деректемесі | заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) байланыс деректері туралы мәліметтер көрсетіледі | 4 - кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..* |
| | 3.2. Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер туралы мәліметтер | | | тауар сатып алушы туралы мәліметтер | | 0..1 |
| | | | | | сәйкестендіру коды (нөмірі): Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есептік нөмірі (СЕН), Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН), Қазақста | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3.2.1. Салық төлеушінің нөмірі | салық төлеушінің нөмірі | н Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), Қырғыз Республикасы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН), Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН) | 1 | |
| | | | 3.2.2 Салық төлеушінің ЕСК | салық төлеушінің ЕСК | Ресей Федерациясында пайдаланылады | 0..1 | |
| | | | 3.2.3. GLN | тауар сатып алушының коды GLN | | 0..1 | |
| | | | 3.2.4. Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) толық атауы | заңды тұлғаның (дара кәсіпкер | | 0..1 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дің) толық атауы | | |
| | | | 3.2.5. Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) мекенжайы | заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) мекенжайы туралы мәліметтердің тізбесі | 3 - кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| | | | 3.2.6. Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) байланыс деректемесі | заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) телефон нөмірі туралы мәліметтер көрсетіледі | 4 - кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..* |
| | 3.3. Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер туралы мәліметтер | | | трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауар және оған салынған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | 1..* |
| | | | 3.3.1 Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер туралы мәліметтер | тауар өндіруші туралы мәліметтер | | 0..1 |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 3.3.1.1. Тауар өндірушінің GLN | тауар өндірушінің GLN | | 0..1 |
| | | | | 3.3.1.2. Салық төлеушінің нөмірі | салық төлеушінің нөмірі | | 0..1 |
| | | | | 3.3.1.3 Салық төлеушінің ЕСК | салық төлеушінің ЕСК | Ресей Федерациясында пайдаланылады | 0..1 |
| | | | | 3.3.1.4 Заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) толық атауы | заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) толық атауы | | 1 |
| | | | | 3.3.1.5 Заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) мекенжайы | заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) мекенжайы туралы мәліметтердің тізбесі | 3 - кесетеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| | | | | 3.3.1.6 Заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) байланыс деректемесі | заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) байланыс деректері туралы мәліметтер көрсетіледі | 4 - кесетеге сәйкес көрсетіледі | 0..* |
| | | | 3.3.2. GTIN сәйкестендіруші | | сауда бірлігінің жаһандық сәйкестендіру нөмірі . | элемент тауар бірлігін бірегей сәйкесте | элемент тауар бірлігін бірегей сәйкесте |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Цифрлы қ мәні | ндіруге арналған | ндіруге арналған |
| | | | 3.3.3 ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды | Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметі бірыңғай тауар номенклатурасына (ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес тауардың коды | ЕАЭО СЭҚ ТН кодының 10 белгісі көрсетіледі | 0..1 |
| | | | 3.3.4 Тауарлар каталогы бойынша тауардың коды | тауарлар каталогы бойынша тауардың коды | | 0..1 |
| | | | 3.3.5 Тауарлардың ұлттық сыныптауышы бойынша тауардың коды | ЖКС, БРЖС және тауарлардың өзгеде ұлттық сыныптауыштары бойынша тауардың коды | | 0..1 |
| | | | 3.3.6 GPC бойынша тауардың коды | Global Product Classification (өнімнің жаһандық сыныптауышы) сәйкес | құрылымы күрделі | 0..1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мәні көрсетіледі | | |
| | | | 3.3.7 Тауардың шығарылған елі | тауардың шығарылған елі туралы мәліметтер | элемент тауардың шығарылған елі туралы мәліметтерді көрсетуге арналған (ISO-3166 сәйкес тауардың) | 0..1 |
| | | | 3.3.8 Тауарларға декларацияны растайтын құжат туралы мәліметтер | тауарларға декларацияның тіркеу нөмірі және тауарларға декларациядағы тауардың нөмірі туралы мәліметтер | элемент үшінші елдерден шығарылған тауарлар үшін міндетті | 0..* |
| | | | 3.3.9 Тауар сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін құжат туралы мәліметтер | тауар сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін құжат туралы мәліметтер | мәліметтер 11-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..* |
| | | | | өнімге қойылатын | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3.3.10. Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) техникалық регламенттерінде көзделген сәйкестікті бағалау туралы құжат не тауарлардың Одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) заңнамасында көзделген міндетті талаптарға сәйкестігін растайтын өзге де құжат туралы мәліметтер | | | белгіленген міндетті талаптардың орындалғанын растайтын құжат туралы мәліметтер | мәліметтер 11-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1* |
| | | | 3.3.11 Тауар туралы мәліметтер | | | тауардың сипаттамасын құрылымдық сипаттау | мәліметтер 5-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| | | | 3.3.12 Басылған сәйкестендіру құралдарының тізбесі | | | сәйкестендіру құралының топтық (көліктік) қораптарда болуы ескеріле отырып олардың тізбесі көрсетіледі | | 0..* |
| | | | | 3.3.12.1. Басылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | сәйкестендіру құралдары және таңбаланған тауар мәртебесі туралы мәліметтер көрсетіледі | | 1..* |
| | | | | | | құрылымдалған түрдегі | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 3.3.12.1.1 Сәйкестендіру құралы | | сәйкестендіру құралында берілген мәліметтер | мәліметтер 6-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | | | | | 3.3.12.1.2. Тауардың мәртебесі туралы мәліметтер | | күрделі элемент, таңбаланған тауардың мәртебесінің белгіленімін, мәртебесін белгілеу себебінің кодын, сондай-ақ тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай мәртебенің белгіленген күні мен уақыты туралы мәліметтерді қамтиды | | 1 |
| | | | | | | 3.3.12.1.2 . 1 Мәртебе | таңбаланған тауар мәртебесінің | мәліметтер 10-кестеге | 1 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | сінің коды | кодпен белгіленімі | сәйкес көрсетіледі | |
| | | | | | | 3.3.12.1.2 . 2 Мәртебесін белгілеу себебінің коды | тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тауардың мәртебесін белгілеу себебінің коды | | 0..1 |
| | | | | | | 3.3.12.1.2.3 Күні мен уақыты | тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде тауардың мәртебесін белгілеу күні мен уақыты | | 1 |
| | | | | 3.3.12.2. Жоғары деңгейдегі қаптамаға сілтеме сәйкестендіргіш | | | | | 0..1 |
| | | | | | 3.3.12.2.1. Сәйкестендіру құралы | | қаптаманы сәйкестендіру құралында құрылымдық түрде ұсынылғ | мәліметтер 6-кестеге | 1 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ан мәліметтер | сәйкес көрсетіледі | |
| | | | 3.3.13. Топтық және (немесе) көліктік қаптамалардың тізбесі | | | | таңбаланған тауар орналасқан топтық немесе көліктік қаптамалардың тізбесі | | 0..1 |
| | | | | 3.3.13.1. Топтық немесе көліктік қаптама туралы мәліметтер | | | | | 1..* |
| | | | | | 3.3.13.1.1. Топтау деңгейі | | | | 1 |
| | | | | | 3.3.13.1.2. Сәйкестендіру құралы | | топтық немесе көліктік қаптаманың сәйкестендіру құралында құрылымдық түрде ұсынылған мәліметтер | мәліметтер 6-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | | | | | 3.3.13.1.3. Жоғары деңгейлі қаптаманың анықтамалық сәйкестендіргіші | | | | 0..1 |
| | | | | | | 3.3.13.1.3.1. Сәйкестендіру құралы | қаптаманың сәйкестендіру құралында құрылымдық түрде ұсынылған | мәліметтер 6-кестеге | 1 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | мәлімет тер | сәйкес көрсетіл еді | | |

2-кесте

## Трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарларға салынған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтердің құрамы мен құрылымы

| Элементтің атауы | | | | Элементтің сипаттамасы | Ескерту | Көпт. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Мәліметтерді қалыптастыру күні мен уақыты | | | | мәліметтерді қалыптастыру күні мен уақыты | | 1 |
| 2. Мәліметті беруші ел | | | | мәліметті беруші елдің екі таңбалы әріптік коды | ISO – 3166 сәйкес көрсетіледі | 1 |
| 3. ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды | | | | ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды | ЕАЭО СЭҚ ТН кодының 10 таңбалы коды көрсетіледі | 1 |
| 4. Сатушы (экспортер) және сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | | | сатушы (экспортер) және трансшекаралық сауда шеңберінде сатып алынған тауарларға басылған сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | 1..* |
| | 4.1 Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер туралы мәліметтер | | | тауар сатушы (экспортер) туралы мәліметтер | | 0..1 |
| | | | | | сәйкестендіру коды (нөмірі): Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есептік нөмірі (СЕН), Беларусь Республикасы | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 4.1.1. Салық төлеушінің нөмірі | салық төлеушінің нөмірі | үшін - төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН), Қазақстан Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), Қырғыз Республикасы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН), Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН) | 1 |
| | | | 4.1.2. Салық төлеушіні ЕСК | салық төлеушіні ЕСК | Ресей Федерациясында пайдаланылады | 0..1 |
| | | | 4.1.3. GLN | тауар сатушының GLN коды | | 0..1 |
| | | | 4.1.4 Заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) толық атауы | тауар шығарушы заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) толық атауы | | 0..1 |
| | | | 4.1.5 Заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) мекенжайы | заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) мекенжайы туралы мәліметтердің тізбесі | мәліметтер 3-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| | | | 4.1.6 Заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) | заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) байланыс деректері | | 0..* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | байланыс деректемесі | туралы мәліметтер көрсетіледі | мәліметтер 4-кестеге сәйкес көрсетіледі | |
| | 4.2. Сәйкестендіру құралдары туралы мәліметтер | | | тауарға, жеке немесе тұтыну қаптамасына басылған сәйкестендіру құралының тізбесі | | 0..* |
| | | | 4.2.1 Сәйкестендіру құралы | тауарды сәйкестендіру құралы мәліметтерінің құрамына енгізілген құрылымдалған түріндегі мәліметтер | мәліметтер 6-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | | | 4.2.2 Тауардың мәртебесі туралы мәліметтер | күрделі элемент, таңбаланған тауардың мәртебесінің белгіленімін, мәртебесін белгілеу себебінің кодын, сондай-ақ тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық компонентінде осындай мәртебенің белгіленген күні мен уақыты туралы мәліметтерді қамтиды | мәліметтер 10-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | 4.3. Топтық немесе көліктік қаптама туралы мәліметтер | | | топтық немесе көліктік қаптамаға басылған сәйкестендіру | | 0..* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құралының тізбесі | | |
| | | | 4.3.1 Сәйкестендіру құралы | тауарды сәйкестендіру құралы мәліметтерінің құрамына енгізілген құрылымдалған түріндегі мәліметтер | мәліметтер 6-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | | | 4.3.2 Тауардың мәртебесі туралы мәліметтер | | | 0..1 |
| 5. Заңды тұлға немесе дара кәсіпкер туралы мәліметтер | | | | тауар сатып алушы туралы мәліметтер | | 0..1 |
| | 5.1. Салық төлеушінің нөмірі | | | салық төлеушінің нөмірі | сәйкестендіру коды (нөмірі): Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есептік нөмірі (СЕН), Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есептік нөмірі (ТЕН), Қазақстан Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), Қырғыз Республикасы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН), Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сәйкестендіру нөмірі (ССН) | |
| | 5.2 Салық төлеушінің ЕСК | салық төлеушінің ЕСК | Ресей Федерациясында пайдаланылады | 0..1 |
| | 5.3. GLN | тауар сатып алушының коды GLN | | 0..1 |
| | 5.4 Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) толық атауы | заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) толық атауы | | 0..1 |
| | 5.5 Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) мекенжайы | заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) мекенжайы туралы мәліметтердің тізбесі | мәліметтер 3-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| | 5.6 Заңды тұлғаның (дара кәсіпкердің) байланыс деректемесі | заңды тұлғаның ( дара кәсіпкердің) байланыс деректері туралы мәліметтер көрсетіледі | мәліметтер 4-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..* |

3-кесте

## Мекенжай туралы мәліметтердің тізбесі

| Нөмірі | Атауы | Сипаттамасы | Көпт. |
|---|---|---|---|
| 1 | Мекенжай түрінің коды | мекенжай түрінің кодтық белгіленімі (орналасқан жерінің мекенжайы, хат жазу үшін және т.б.) ( тізбеге сәйкес: "1" - тіркелген мекенжайы; "2" - нақты мекенжайы; " 3" -почталық индексі көрсетіледі | 0..1 |
| 2 | Елдің коды | елдің кодтық белгіленімі (ISO-3166 сәйкес көрсетіледі) | 0..1 |
| 3 | Аумақтың коды | әкімшілік-аумақтық бірліктің коды | 0..1 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Өңір | бірінші деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірлік атауының коды | 0..1 |
| 5 | Аудан | екінші деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірлік атауының коды | 0..1 |
| 6 | Қала | қаланың атауы | 0..1 |
| 7 | Елді мекен | елді мекеннің атауы | 0..1 |
| 8 | Көше | қалалық инфрақұрылымы желісіндегі көше-жол элементінің атауы | 0..1 |
| 9 | Үйдің нөмірі | үйдің, корпустың, құрылыстың белгіленімі | 0..1 |
| 10 | Үй-жайдың нөмірі | офистің немесе пәтердің белгіленімі | 0..1 |
| 11 | Почталық индекс | почталық байланыс кәсіпорнының почталық индексі | 0..1 |
| 12 | Абоненттік жәшіктің нөмірі | почталық байланыс кәсіпорнының абоненттік жәшігінің нөмірі | 0..1 |

4-кесте

## Байланыс деректемелері туралы мәліметтердің тізбесі

| Нөмірі | Атауы | Сипаттамасы | Көпт. |
|---|---|---|---|
| 1 | Байланыс түрінің коды | байланыс құралы (арнасы ) түрінің кодтық белгіленімі (телефон, факс, электрондық почта және т.б.) (тізбеге сәйкес: "АО" – "Интернет" ақпараттық-коммуникациялық желідегі сайттың мекенжайы; "ЕМ" – электрондық почта; "FX" – телефакс; "ТЕ" – телефон; "TG" – телеграф; "TL" – телекс) | 0..1 |
| 2 | Байланыс түрінің атауы | байланыс құралы (арнасы ) түрінің атауы (телефон, факс, электрондық почта және т.б..) | 0..1 |
| 3 | Байланыс арнасының сәйкестендіргіші | Байланыс арналарын сәйкестендіретін символдардың рет-ретімен орналасуы ( телефон, факс нөмірлерін , электрондық почта | 0..* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мекенжайын және т.б. көрсету) | |

5-кесте

## Тауардың сипаттамалары туралы мәліметтердің тізбесі

| Нөмірі | Атауы | Сипаттамасы | Ескерту | Көпт. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тауардың толық атауы | | | 1 |
| 2 | Тауар белгісі/Бренд | | | 1 |
| 3 | Қуаттау құрылғысы | қуаттау құрылғысының типі туралы ақпарат | | 1 |
| 4 | Құрамында никотин бар өнім түрі | өнімнің қандай түрі қолданылады: сұйықтық, темекі таяқшасы, аралас түрі | | 1 |
| 5 | Тауардың фотосуреті (бар болса) | өнімнің фотографиялық бейнесі | элементте өнімнің фотографиялық бейнесі бар | 0..1 |

6-кесте

## Тауарды сәйкестендіру құралы туралы мәліметтер тізбесі

| Нөмірі | Атауы | Сипаттамасы | Ескерту | Көпт. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сәйкестендіру құралының түрі | сәйкестендіру құралы түрлерінің тізіміне сәйкес сәйкестендіру құралы түрінің 3 таңбалы коды көрсетіледі | 7-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| 2 | Тізілім бойынша нөмірі | сәйкестендіру құралдары тізілімі бойынша нөмірі көрсетіледі | | 0..1 |
| 3 | Сәйкестендіру құралдары деректерінің блогы | | | 1..* |
| 3.1 | Қолданылу сәйкестендіргіші ( AI) | дөңгелек жақшаға салынған, сәйкестендіргіштегі ақпарат блогының мақсатын көрсететін қолданудың цифрлық сәйкестендіргіші | 9-кестеде айқындалған қағидаларға сай 8-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.2 | Ақпарат блогының символдық мәні | сәйкестендіру құралындағы ақпарат блогының символдық мәнін қамтиды | 9-кестеде айқындалған қағидаларға сәйкес көрсетіледі | 1 |

7-кесте

## Сәйкестендіру құралының түрі

| Бөлімнің коды | Сәйкестендіру құралы түрінің коды | Сәйкестендіру құралы түрінің атауы |
|---|---|---|
| 1 | сызықтық штрих код | |
| | 101 | сызықтық штрихкод Code 128 |
| 2 | көп деңгейлі екі өлшемді штрих код | |
| 3 | матрикалық екі өлшемді штрих код | |
| | 301 | DataMatrix код |
| | 302 | QR код |
| | 303 | Micro QR код |
| 4 | радио белгілер | |
| | 401 | UHF-диапазонының RFID-белгісі |
| 9 | сәйкестендіру құралының өзге де түрлері | |
| | 999 | өзгелері |

8-кесте

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес 854340 000 0 позициясында сыныпталатын тауарларды таңбалау кезінде пайдаланылатын қолдану сәйкестендіргіштерінің (AI) тізбесі

| AI коды | AI толық атауы | Элементтік жолдың форматы | Сипаттамасы | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 00 | Көліктік қаптаманың сериялық коды ( ыдысы) – SSCC (Serial Shipping Container Code) | N2+N18 | деректер жолы SSCC нөмірін қамтиды | AI (00) қолданылу сәйкестендіргіші өзінен кейін келетін 18 таңбадан тұратын сандық өріс логистикалық бөлімді белгілеу үшін қолданылатын көліктік қаптаманың ( ыдыстың) (SSCC) сериялық кодын қамтитынын көрсетеді |
| | | | GTIN- Global Trade Item Number – GS1 ашық стандарттар | AI (01) қолданылу сәйкестендіргіші тікелей өзінен кейін келетін 14 таңбадан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 01 | Тауар бірлігінің жаһандық сәйкестендіру нөмірі – GTIN (Global Trade Item Number) | N2+N14 | жүйесінде бір атаудағы (артикул) тауарлардың жаһандық сәйкестендіру нөмірі. 14 таңбалы сандық сәйкестендіргіш | тұратын сандық өрісте тауар бірлігін таңбалау үшін пайдаланылатын жаһандық сәйкестендіру нөмірін (GTIN) қамтитынын көрсетеді |
| 21 | Сериялық нөмір ( Serial Number) | N2+X..13 | сериялық нөмір ( Serial Number) | AI қолдану сәйкестендіргіші (21 ) одан кейінгі 13 таңбадан тұратын өрісте оператор немесе өндіруші тауарға оның бүкіл қызмет ету мерзіміне тағайындайтын тауардың сериялық нөмірі бар екенін көрсетеді. GTIN мен бірге сериялық нөмір әр тауар бірлігінің бірегей сәйкестендіргіші болып табылады |
| 91 | Тексеру кілтінің сәйкестендіргіші | | тексеру кілтінің сәйкестендіргіші | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қолданылады, тауарлардың трансшекаралық өткізілуі туралы мәліметтерде берілмейді |
| 92 | Тексеру коды | | тексеру коды | мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қолданылады, тауарлардың трансшекаралық өткізілуі туралы мәліметтерде берілмейді |

9-кесте

## "Сәйкестендіру құралының деректер блогы" деректемесін қалыптастыру қағидалары

| ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды | Сәйкестендіру құралының түрі | "Сәйкестендіру құралының деректер блогы" деректемесін қалыптастыру қағидасы |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Тауардың жеке немесе тұтыну қаптамасына басылған сәйкестендіру құралына қатысты "Сәйкестендіру құралының деректер блогы" деректемесін қалыптастыру қағидалары | | |
| 8543 40 000 0 | 301 | 1. "Сәйкестендіру құралының деректер блогы" деректемесінің құрылатын даналарының саны: 4<br>2. "Сәйкестендіру құралдарының деректер блогы" деректемесінің бірінші данасына қойылатын талаптар:<br>"Қолдану сәйкестендіргіші (AI)" деректемесінің мәні: "01";<br>"Ақпарат блогының символдық мәні" деректемесінің мәні: деректемеде тауардың сәйкестендіру нөмірі (GTIN) болуы тиіс.<br>3. "Сәйкестендіру құралдарының деректер блогы" деректемесінің екінші данасына қойылатын талаптар:<br>"Қолдану сәйкестендіргіші (AI)" деректемесінің мәні: "21";<br>"Ақпарат блогының символдық мәні" деректемесінің мәні: деректемеде тауардың жеке сериялық нөмірі (SN) болуы тиіс.<br>4. "Сәйкестендіру құралдарының деректер блогы" деректемесінің үшінші данасына қойылатын талаптар:<br>"Қолдану сәйкестендіргіші (AI)" деректемесінің мәні: "91";<br>"Ақпарат блогының символдық мәні" деректемесінің мәні: тексеру кілті (мүше мемлекеттің заңнамасына және Еуразиялық экономикалық Одақ құқығын құрайтын актілерге сәйкес қолданылады).<br>5. "Сәйкестендіру құралдарының деректер блогы" деректемесінің төртінші данасына қойылатын талаптар:<br>"Қолдану сәйкестендіргіші (AI)" деректемесінің мәні: "92";<br>"Ақпарат блогының символдық мәні" деректемесінің мәні: тексеру кілті (мүше мемлекеттің заңнамасына және Еуразиялық экономикалық Одақ құқығын құрайтын актілерге сәйкес қолданылады). |

| | | |
|---|---|---|
| Көліктік қаптамаға салынған сәйкестендіру құралына қатысты "Сәйкестендіру құралының деректер блогы " деректемесін қалыптастыру қағидалары | | |
| 8543 40 000 0 | 101 | Көлік қаптамасының сәйкестендіру коды қоса алғанда 18 ден 74 ке дейін таңбадан және цифрлардан (0 – 9), датын әліпбиінің әріптерінен (A – Z a – z ) және арнайы символдардан (% & ' " ( ) * + , - _ . / : ; < = > ? !) тұруы мүмкін |

10-кесте

## Таңбаланған тауарлар және оларды сәйкестендіру туралы мәліметтермен алмасу кезінде пайдаланылатын таңбаланған тауарлар мәртебелерінің тізбесі

| Мәртебесінің коды | Мәртебесінің сипаттамасы | Кодтардың мүмкін болатын мәндері және мәртебе белгілеу себебінің сипаттамасы |
|---|---|---|
| 00 | мән-жайы анықталмаған | "99" – ақпарат жойылған ( импортердың жүйесінде белгіленеді);<br>"34" – трансшекаралық сауда шеңберінде сатушыға тауарды қайтару (импортердың жүйесінде белгіленеді) |
| 10 | тауар мүше мемлекетте айналымға енгізілген | "33" – трансшекаралық сауда шеңберінде тауарды есепке қабылдау (импортердың жүйесінде белгіленеді);<br>"34" – трансшекаралық сауда шеңберінде сатушыға тауарды қайтару (импортердың жүйесінде белгіленеді)<br>"99" – ақпарат жойылған ( импортердың жүйесінде белгіленеді) |
| 20 | тауар айналысынан шығарылған | "33" – трансшекаралық сауда шеңберінде тауарды есепке қабылдау (импортердың жүйесінде белгіленеді) |
| 31 | тауар трансшекаралық сауда шеңберінде сатылған (сатуға арналған) | |

11-кесте

## Құжат туралы мәліметтердің тізбесі

| Элементтің атауы | Элементтің сипаттамасы | Көпт. |
|---|---|---|
| | құжат түрінің кодтық белгіленуі ( құжаттар мен мәліметтер | |

| | | |
|---|---|---|
| 1. Құжат түрінің коды | түрлерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі (Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне № 8 қосымша)) | 1 |
| 2. Құжаттың атауы | құжаттың атауы | 0..1 |
| 3. Құжаттың нөмірі | құжаттың тіркеу нөмірі | 1 |
| 4. Құжаттың берілген күні | құжатты тіркеу (беру) күні | 1 |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 152 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Тұтынушыларға және өзге де (заңды және жеке) мүдделі тұлғаларға, оның ішінде тауарларды таңбалаудың ұлттық компоненттері мен ақпараттық жүйесінің интеграциялық компоненті құрамындағы ақпараттық сервистер арқылы қолжетімділік берілетін тауарларды таңбалаудың ақпараттық жүйесінде қамтылған таңбаланған тауар туралы мәліметтердің ең аз құрамы**

1. Сауда бірлігінің жаһандық нөмірі (Global Trade Item Number (GTIN)).

2. Тауар бірлігінің жеке сериялық нөмірі (SN).

3. Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды (10 белгі).

4. Тауардың толық атауы.

5. Тауар белгісі /Бренд.

6. Қуаттағыш құрылғы.

7. Құрамында никотин бар өнімнің типі.

8. Тауардың шығарылған елі.

9. Тауардың қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттың түрі ( мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе сәйкестік туралы декларация), құжаттың нөмірі мен күні (тауардың сәйкестігін растау туралы талаптар болған кезде).

10. Таңбалануға тиісті өнім туралы ақпаратты ұсынған шаруашылық жүргізуші субъект туралы ақпарат (заңды тұлғаның атауы, дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаның (бұдан әрі - дара кәсіпкер) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), сәйкестендіру коды (нөмірі) (Армения Республикасы үшін - салық төлеушінің есептік нөмірі (СЕН), Беларусь Республикасы үшін - төлеушінің есептік нөмірі (СЕН), Қазақстан Республикасы үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), Қырғыз Республикасы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі ( ССН), Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі (ССН)), заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің орналасқан жерінің мекенжайы).

11. Тауарды өндіруші туралы ақпарат (заңды тұлғаның атауы, дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК